

#ӘділеттіҚазақстан

Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН



АЛМАТЫДА 5G ҚОСЫЛАДЫ 4

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



«МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫНА – 50 ЖЫЛ 7

ТҮЛФАТАНУ



«АЙНАЛАЙЫН, ХАЛҚЫМНАН ЕРКЕЛЕТКЕН!» 9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.12.2022

Түнде:



-6-8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

28.12.2022

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №154 (6289) 27 желтоқсан, сейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА БЕЛЕС!



«Қабылдау үйінде» қаламыздың ең белсенді, оқуда озат оқушылары дәстүрлі Президент шыршасына қатысты. Балалар жылы аясында өткен жаңажылдық думанды кеш «Қош келдің, Жаңа жыл – жаңа белес!» деп аталды. Президенттік шыршаға қатысқан барлық балаларды Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев құттықтады.

6

ШАХМАТ

АЛМАТЫДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ



Алматының Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында шахматтың рапид және блиц түрінен Әлем чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Санкт-Петербург қаласына жұмыс сапарымен барды.
- Президент шахматтан әлем чемпионатына қатысушыларды құттықтады.
- Қазақстанда жеңілдетілген автотранспорттың бағдарламасы қайта қосылады.
- Қазақстанда «Жылу энергетикасы туралы» заң қабылданады.
- Алматыда әскери қызметшілер Қара майорды еске алды.
- Қазақстандықтарға 402 млрд теңгеден астам жәрдемақы төленді.
- Қазақстандық садақшылар Шарджада жүлделі болды.
- Қазақстанда «Епбек» мобильді қосымшасы іске қосылды.
- Батыр Жүкембаев Алматыда өткен бокс кешінде жеңіске жетті.
- Елімізде оң рульді көліктер жеңілдетілген тәртіппен рәсімделетін болды.

www.almaty-akshamy.kz



10



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ПОЛИЦИЯНЫҢ СЕРВИСТІК
ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫАлматыда полицияның сервистік орталықтары
қалай жұмыс істейтіні талқыланды

Жүйелі реформа және полиция жұмысының сервистік моделін енгізу аясында Мемлекет басшысы Алматы қаласының барлық аудандарында сервистік орталықтарды ашуды тапсырды. Өткен аптада Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Полиция департаментінде қоғам белсенділерімен сервистік орталықтарды ашу бойынша жобаны талқылады.

– Мемлекет басшысы жүктеген міндет – ХХІ ғасырдағы адамға бағдарланған полиция. Оның өлшемі – халықтың сенімі. Халық сенген кезде тығыз байланыста болады, сонда ол полиция жұмысының тиімділігін көре алады. Жалпы жобаны біз «сервистік модель» деп атаймыз. Бүгінгі міндет – жылдам әрі сапалы қызмет көрсету, – деді Марат Ахметжанов.

Сондай-ақ, ведомство басшысы «Сервистік орталықтардың мақсатты аудиториясы кім болады?» деген сұраққа жауап беріп, өзара әрекеттесудің нақты құрылы-

мын құру және функциялардың қайталануына жол бермеу қажеттігін атап өтті. Стационарлық полиция ғимараттарында барлық негізгі қызметтер шоғырланғаны айтылды. Сонымен қатар, бұл ғимараттардың режимдік екені ұмыт қалмады. Оларға қолжетімділік шектеулі. Бұрын фронт-кеңселер ашылған еді, бірақ олар полицияның қабылдау бөлімдері мен анықтамалық бюроларға айналды, онда адамдардың нақты проблемалары шешілмеуі мүмкін.

Сондықтан әртүрлі аудиторияға полиция қызметін көрсетудің үш деңгейлі мо-

делін құру ұсынылады. Біріншісі – жолаушылар немесе өткінші адамдар. Олар үшін қоғамдық орындардағы модульдік бекеттер жұмыс істейді. Екіншісі – учаскелік полиция пункттеріне жүгінетін аудан (аумақ) тұрғындары. Үшіншісі – әкімшілік және қылмыстық істер бойынша шешімдермен келіспеген адамдар, құқық бұзушылар, қызмет алушылар.

«Азаматтардың өтініштерін қарастыру ғана маңызды емес. Олар құқықтық тәртіп мәселелерін жан-жақты талдау негіздерінің бірі болуы керек. Бұл саладағы профилактика тек поли-

ция қызметімен шектелмейді. Ол үшін полицияның сервистік орталықтары жанынан әртүрлі ведомстволардың құқық қорғаушыларынан, әкімдіктер қызметкерлерінен және қоғам белсенділерінен тұратын қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ведомствоаралық топтары құрылатын болады. Қауіпсіздік мәселелерін шешу министрліктер кабинеттерінде емес, жергілікті жерлерде жүзеге асырылатын болады. Бұған жұртшылық тікелей қатысады. Бұл «проблемаға бағытталған тәсіл» деп аталады», – деп отырыс нәтижесінде ҚР ІІМ баспасөз қызметі хабарлады.

Сондай-ақ, кездесуде қаладағы бейнебақылау жүйелерін дамыту және жеке жүйелерді бірыңғай диспетчерлік пунктке интеграциялау талқыланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Халықаралық
рейстер көбейіп
келедіДосбол
АТАЖАН

Алматыдан Пәкістанға екі бағыт бойынша тікелей рейстер ашылады. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстаннан Пәкістанға тікелей әуе қатынасы іске қосылады. ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің хабарлауынша, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін ұшу географиясын одан әрі кеңейту және халықаралық рейстер санын ұлғайту, сондай-ақ «ашық аспан» режимінің саясатын іске асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жақын күндері Исламабад қаласында (Пәкістан) ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қатысуымен Қазақстан мен Пәкістан арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі 11-отырыс өтті. Жиналыс шеңберінде Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Талғат Ластаев пен Пәкістанның Азаматтық авиация басқармасының бас директоры Хакан Мұртаза мырзаның кездесуі болды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Пәкістанның авиациялық билігі арасында келісімге қол қойылды. Қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде қазақстандық «SCAT» авиакомпаниясы 2023 жылы наурыз айынан бастап Boeing 737 үлгісіндегі әуе кемелерінде Алматы – Лахор (аптасына 2 рейс) және Алматы – Карачи (аптасына 2 рейс) бағыттары бойынша тікелей жолаушылар рейстерін ашуды жоспарлап отыр.

Қазақстан мен Пәкістан арасында әуе қатынасының ашылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік және мәдени ынтымақтастықты дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Зейнетке
жақындағандар да
жұмыс істейді

Зейнетке жақындаған 3 мыңға жуық адамға мемлекет жұмыс тауып берді. 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 649,6 мың адам қатысты.

Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

412,5 мың адам жұмысқа орналасты. Оның 292,4 мыңы тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілердің өтінімі бойынша кәсіптік оқытуға 13,8 мың адам жіберілді. Өз кәсібін бастау үшін 21,7 мың адам мемлекеттік грант алды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 168,4 мың адам орналастырылды.

Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 14,5 мың, жастар практикасымен 28,4 мың, қоғамдық жұмыстармен 118,3 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 3,8 мың, «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы аясында 534 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 2,9 мың адам жұмыспен қамтылды.

Сондай-ақ, қызмет саласын таңдау мақсатында 143,6 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтті.

Еске салайық, бұған дейін халықты жұмыспен қамтуға арналған шаралар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. 2021 жылы бағдарламаға 651,8 мың адам қатысты.

Еске сала кетейік, келер жылдан бастап жасы 50-ден асқан адамдарды жұмысқа алған компанияларға субсидия беріледі.

МАРАПАТ

ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ

Тың тәсілде сабақ берген алматылық мұғалімдерге сыйлықтар табысталды

Алматылық мұғалімдер – Жансая Жақсылықова мен Хасен Мұхамади ҚР Оқу-ағарту министрі А.Аймағамбетовпен кездесті.

Қазақстанда қазан айында мұғалімдерге арналған жаңа байқау басталған болатын. Бұл жобаның ерекшелігі еліміздің түкпір-түкпірінен оқытушыларды TikTok платформасында өз пәні туралы креативті және танымдық бейнероликтер жариялауға шақырған болатын.

Бүгінгі таңда, алматылық мұғалімдердің сабақтары мен лайфхактарды үйрету TikTok желісінде #Қазақстанмұғалімдері жобасында үздік деп танылды. Министр шеберлік



сабақтарын өткізгені үшін жеңімпаздарға марапат қағаздарын табыстап, Apple iPhone 13 Pro Max

смартфондарын сыйға тартты. Келешекте сабақты бұдан да қызықты өткізеді деген тілек айтып,

барлық ұстаздарға шығармашылық табыстар тіледі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



САЙЛАУ-2023

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА 66 КАНДИДАТ ТІРКЕЛДІ

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында 2023 жылғы 14 қаңтарда өтетін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының кезекті сайлауына санаулы күндер қалды. Сенат депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес кандидаттарды тіркеу 24 желтоқсанда, Астана уақыты бойынша сағат 18.00-де аяқталды. Бұл туралы Ұлттық сайлау комиссиясы хабарлады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының 20 мандатына ұсынылған 130 үміткердің 66 кандидатын тіркеді. Кандидаттардың ішінде 63 адам



өзін-өзі ұсынса, үшеуін мәслихаттар ұсынған. Тіркелген кандидаттардың ішінде 46 ер адам, 20 әйел адам бар. Оның ішінде төртеуі Парламент Сенатының қазіргі депутаты, 15-і мемлекеттік ұйымдардың қызметкері, 29-ы мемлекеттік қызметші, 13-і коммерциялық құрылымдардың қыз-

меткері, 5-еуі қоғамдық ұйымдардың өкілі. Мамандық бойынша: 3 дәрігер, 7 инженер, 8 заңгер, 1 саясаттанушы, 1 журналист, 14 мұғалім, 9 экономист, 10 ауыл шаруашылығы қызметкері және 13 басқа мамандық өкілдері. Үміткерлердің орташа жасы – 51,8 жас. Тіркелген кандидаттардың ең көп

саны Жамбыл облысы мен Алматыда: әрқайсысы 5 үміткерден. Абай ауданы мен Түркістан облысында 4 үміткер тіркелген. Қалған 15 облыс пен Шымкент қаласында 3 үміткер тіркелген. Осылайша тіркелгендердің ішінен бір мандатқа орта есеппен Парламент Сенаты депутаттығына 3 кандидат үміткер.

Орталық сайлау комитеті төрағасының міндетін атқарушы Константин Петров 2022 жылдың 29 қарашасынан 14 желтоқсанға дейін республика бойынша Парламент Сенатының депутаттығына жоғарғы Палатаның 20 орнына 130 кандидат ұсынылғанын, яғни сенатордың бір мандатына орта есеппен алтыдан астам үміткер келетінін атап өткен еді. 2020 жылы Парламент Сенатына кезекті сайлауға 94 кандидат ұсынылған болатын.

Өңірлердің ішінде ең көп кандидаттар Абай, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында – 8 адамнан, Алматы мен Астанада – 10 адамнан ұсынылды. Ең аз саны – 5 үміткер – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында. Шымкентте – 6. Кандидаттар арасында 97,7% (127) – өзін-өзі ұсынушылар және 2,3% (3) мәслихаттар ұсынған.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Жыл сайын жаңа жылды жаңа үмітпен күтетіміз анық. Алдағы жылымыз да жаңалығымен келе жатқан сыңайлы. Әсіресе, жылдың жаңалығын зейнеттегі қарияларымыздың айрықша күтетіні сөзсіз. Сондықтан жаңа жыл қарияларымыз үшін тосын сыймен басталмақшы. Елімізде зейнетақы өсіп, ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы 2023 жылдан бастап 40 567 теңгені құрайтын болды.



ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұған қоса, ендігі жерде базалық зейнетақы мөлшерін біртіндеп ЕКД көлемінен 70 пайызға дейін арттыру жағы да көзделіп отыр. Мәселен, бірінші кезеңде 2023 жылдан бастап күнкөріс деңгейінің 60 пайызын құраса, ол кезегімен 24 341 теңге болуы тиіс. Сонымен қатар, зейнетақының ең төменгі көлемі (1998 жылға дейін толық еңбек өтілі бар қазақстандықтар үшін ортақ зейнетақы төлемі) жаңа жылдан бастап 53 076 теңгені құрайтын болды. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда, 10,5 пайызға артық. Сондай-ақ, жас мөлшері бойынша бекітілген зейнетақы төлемдері, белгіленген жасқа жету бойынша төленетін төлемдер де 10,5 пайызға артатын болды. Тағы бір жағымды жаңалық – айлық есептік көрсеткіш көлемі ұлғайып, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш 3450 теңгені құрайтын болды.

Жаңа жылдан бастап сәуірде енгізілген көрсеткішке қарағанда 8,5 пайызға артық болатын бірыңғай сома қолданысқа енгізілетін болады. Жалпы, 2023 жыл-

дың 1 қаңтарынан бастап АЕК және ең төмен күнкөріс деңгейіне байланысты Қазақстанда зейнетақы, жәрдемақы, айыппұл мен салық және т.б. төлемдер мөлшері артқалы отыр. Бала күтімі бойынша отыратын аналарға төленетін төлем мерзімі 1,5 жылға дейін ұзарады. Бұл ретте ата-аналар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап сәбилерімен ұзағырақ уақыт өткізетін болады. Мәселен, Еңбек министрлігінің мәліметі бойынша бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұлғайтуды жұмыста жүрген және жұмыс істемейтін де ата-аналардың пайдалануына болады. Бұл мақсат үшін республикалық бюджеттен қосымша 183,5 миллиард теңге бөліді.

Сондай-ақ, жаңа жылдан бастап от пен өрттің бел ортасында жүретін жанкешті еңбек иелері – өрт сөндірушілердің де жалақысы ұлғаяды. Өрт сөндірушілердің жалақысы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 пайыздан 70 пайызға дейін көтерілетін болды. Мұндағы 70 пайыз – қатардағы барлық қызметкерлер үшін, ол қызметке енді ғана кірісіп жатқан жас мамандарға үлкен көмек. Ал басшылық құрамдағы қызметкерлерге 10 пайыздан қосымша төлем қосылатын болады.

АБАТТАНДЫРУ

АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ

2024 жылдың ортасына дейін қалпына келтіріледі

Алматының жер бедеріне байланысты нөсер жауын кезінде қаланы су басып жатады. Тексеру барысында Алматыда тұрақты су басатын 102 учаске анықталған. Бүгінде бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда нөсер жауын салдарынан су басу қаупі бар аймақтарда қала әкімдігінің тапсырмасымен кешенді шаралар қабылданды. Нәтижесінде қосымша арық желілері салынып, өзен арналары қайта қалпына келтірілді. Дегенмен, биыл үздіксіз жауған нөсер салдарынан орын алған түрлі жағдайлар көп болды. Су басу жағдайының бірі қалыпқа келтірілгенімен, келесі бір аймақтарда жаңа учаскелер анық-



талды. Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаевтың айтуынша, бүгінде қала әкімінің тапсырмасымен 102 су басу учаскесінің ішінен 56 су басу учаскесі бойынша жұмыс аяқталған. 12 дренажды коллекторды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. 4 дренажды канал салынды. Өйткені, олар бұған дейін қазылғанымен, жұмысы аяқталмаған болатын.

«Қала ішіндегі арықтарды тазалау жұмыстары қыста да, жазда да жүргізіледі. Сондықтан жыл соңына дейін аталған шаралар бойынша жұмыстарды толық аяқтап, оларды арық желілерімен қосатын боламыз. Сонымен қатар, қалада 376 шақырым арық желілерін салу және қайта құру жұмыстары басталды», – деді басқарма басшысы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДЫҢ БАҒАСЫ ӨЗГЕРЕДІ

Жыл соңына дейін ақылы жолдардың тарифі өзгереді. Бұл туралы Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин мәлімдеді.



«Қазір республика бойынша 2,2 мың шақырымды құрайтын 11 ақылы жол учаскесі бар. Ақылы жолдардың тарифі 2013–2021 жылдар аралығында кезең-кезеңімен енгізілді. 2013 жылы алғаш «Астана–Щучинск» тасжолы ақылы болды. Биыл жыл соңына дейін көлік құралдарының барлық түрлеріне жаңа абоненттік төлем енгізіледі», – деді ол ОКҚ-де өткен брифингте.

– Жеңіл автокөліктер – 1 жылға 1000 теңге;
– 16 орынға дейінгі автобустар және 2,5 тоннаға дейінгі жүк көліктері – айына 2 АЕК, жылына 20 АЕК;
– 32 орынға дейінгі автобустар және 5,5 тоннаға дейінгі жүк көліктері – айына 4 АЕК, жылына 40 АЕК;
– 32 орыннан жоғары автобустар және 10 тоннаға дейінгі жүк көліктері – айына 6 АЕК, жылына 60 АЕК;
– 15 тоннаға дейінгі жүк көліктері – айына 8 АЕК, жылына 80 АЕК;
– 15 тоннадан астам жүк көліктері – айына 10 АЕК, жылына 100 АЕК.

«Айта кету керек, абонентті сіздің көлігіңіз ақылы жолдарға іргелес елдімекендер мен кентте есепте тұрған жағдайда ғана ресімдеуге болады. Абонентті ресімдеу тәртібі жақын арада «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының ресми сайтына шығады. 2023 жылы қолданыстағы тариф бойынша нормативтік жағдайына қарай 2,5 мың екінші техникалық санаттағы тасжолды ақылы ету жоспарланып отыр», – деді комитет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АУЫС-ТҮЙІС

Қалалық
мобильділік
басқармасының
басшысы
тағайындалды

Алматы әкімінің өкіміне сәйкес қалалық мобильділік басқармасының басшысы болып Сағындық Телібаев тағайындалды. Сағындық Телібаев Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2006-2007 жылдары «Алматы-метроқұрылыс» АҚ күрделі құрылыс бөлімінде тау-техникалық инженер, «Алматының салынып жатқан метрополитені дирекциясы» ШЖҚ МҚК күрделі құрылыс бөлімінде жетекші инженер болып жұмыс істеген.

2011-2013 жылдары Алматы қаласының жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасында бас маман қызметін атқарған.

2013-2016 жылдары аталмыш басқармада жолаушылар тасымалы бөлімінің басшысы болған.

2016-2019 жылдар аралығында жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары,

2019-2020 жылдары осы басқарманың басшысы қызметін атқарған.

2020-2022 жылдары ШЖҚ «Метрополитен» КМК директоры болды.

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

Оқушылар
неше күн
демалады?Рая
ЕСКЕНДІР

Енді аз күнде мектеп оқушылары кезекті демалысқа шығады. Биылғы 2022-2023 оқу жылындағы қысқы демалыс уақыты 31 желтоқсаннан басталып, 8 қаңтарға дейін жалғасады.

Сонымен, мектеп оқушыларының екінші тоқсандағы оқу мерзімі 8 аптаға созылды. Жалпы, 2-11-сынып оқушылары оқу жылында 36 апта оқыса, бірінші сыныптар қыс мезгілінде қосымша бір апта демалып, 35 апта оқиды. Мектеп оқушыларының көктем, жаз мезгіліндегі демалыс мезгілдері әзірге өзгеріссіз сол қалпында.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Алматыда 5G қосылады

Орталық коммуникациялар қызметінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек жаңа жиіліктің қашан пайдалануға берілетіні туралы мәлімдеді.

Вице-министрдің айтуынша, 2022 жылдың соңында республикалық маңызы бар үш қалада – Алматы, Астана және Шымкентте 5G желісін іске қосу жоспарланған.

«Бұл – жоғары жылдамдықты қажет ететін ірі бизнес абоненттері. Өте көп видео қарайтын, жақсы, сапалы байланысты қажет ететін әлеуметтік желі қолданушылары үшін бұл жақсы жаңалық. Халықаралық зерттеу мобильді технологияларды енгізу қарқыны мен халық пен бизнестің экономикалық белсенділігінің тікелей байланысы бар екендігін көрсетіп отыр. 4G технологиясын енгізген кезде және оның қарқынды дамыған уақытында халыққа, бизнеске қандай пайда әкелгенін көріп отырмыз. 5G 2025 жылға дейін еліміздің барлық облыс орталығына таратылатын болады», – деді Асхат Оразбек.

5G жиілігін тарату бойынша өткен аукционда «Мобайл телеком-сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ жеңіске жетті. Олар тиісті төлем жасағаннан кейін радиожиілікті пайдаланатын болады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



ТҰРҒЫН ҮЙ



Ұлттық банктің сайтындағы ақпаратына сүйенсек, 22 желтоқсандағы жағдай бойынша «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы бойынша 852,2 млрд теңгеге 64 146 жеңілдетілген несие берілген. Яғни бағдарламадағы 1 триллион теңге лимит әлі таусылған жоқ.

БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛДІ

Жетісу ауданы тұрғындарының белсенділігі арта түскен. Мәселен, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылы ауданда жалпы құны 800 млн теңге болатын 23 жоба іске асырылды.

Аталмыш жобалардың арқасында Великолукская көшесінде жаңа қоғамдық кеңістіктің құрылуына мүмкіндік туып отыр. Сонымен қатар, биылғы жылы тұрғындар талабына орай, екі скверде жаңа спорт алаңдары ашылды.

Осындай ігіліктердің жалғасы ретінде аудан тұрғындары алдағы 2023 жылға қоғамдық кеңістікті абаттандыру және көгалдандыру, балалар мен спорт алаңдарын жөндеу және жасау бойынша тағы да 129 өтініш білдіріп отыр. Осы жобалардың әзірге 18-і алдын ала іріктелді. Жетісу ауданындағы өзекті мәселеге айналған коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары біртіндеп шешімін тауып келеді. Ағымдағы жылы «Құлагер» ықшамауданында ұзындығы 1,7 км болатын жылу желілерін қайта құру жұмыстары толығымен аяқталды.

Ауданды тұрақты электрмен қамтамасыз ету үшін қолға алынған 40 км ескірген электр желілерін қайта жаңарту үшін 800 бағана орнатылып, 15,8 км кабель тартылды. Өз кезегінде Жетісу ауданында 4000-нан астам абоненттің үздіксіз электрмен қамтамасыз етуіне мүмкіндік туып отыр. Сонымен қатар, көше жарығын модернизациялау жұмыстары да сәтімен аяқталады.

Жетісу ауданындағы Қазыбаев, Рысқұлов даңғылдары, Тәтібеков көшесі, Райымбек даңғылының қиылысында ұзындығы 57,9 км сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау, кәріз құрылысы бойынша жүргізілген жұмыстар да дер кезінде аяқталды.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖАҢА ШАРТ

«7-20-25» ипотекалық бағдарламасы
ресми түрде ұзартылды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алайда, осыған қарамастан, бағдарламаның мерзімін ұзарту және оны жүзеге асыруға қосымша қаражат бөлу туралы шешім қабылданған. Ұлттық банктің тиісті қаулысы жарияланды. 2023 жылы бағдарлама аясында несиелендіруге 100 млрд теңгеге дейін қаражат бөлу жоспарлануда. Одан кейінгі жылдары жылдық несиелеудің нақты көлемі банктердің нарықтағы ипотекалық өнімдерінің болуына және дамуына байланысты болады.

Жалпы, бағдарламаға түбегейлі өзгерістер енгізілген жоқ. Оған қатысудың негізгі шарттары да өзгеріссіз қалды: қарыз алушының

жеке баспанасы болмауы керек; тек бастапқы тұрғын үйді сатып алуға болады; сыйақы мөлшерлемесі – 7%; бастапқы жарна – 20%; несие мерзімі – 25 жылға дейін беріледі. Бұл ретте сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны өңірге байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін: 25 миллион теңге – Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау және Атырау қалалары үшін; 20 млн теңге – Қарағанды мен Түркістанға; 15 млн теңге – басқа аймақтарға. Дегенмен, бағдарламаның жаңа шарты да бар. Ұлттық банктің пікірінше, бұл жаңа шарт жеңілдетілген несиені азаматтардың көп бөлігін қамтуға мүмкіндік бермек. Бағдарламаға бір адам бір рет қана қатыса алады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, мемлекет және қоғам қайраткері:

Тамыры терең, тұрпаты бөлек туынды



Арғы Кеңестік дәуірді, бергі Тәуелсіздік дәуірін айтпаған күннің өзінде, Алматы ежелден тамырын тереңнен тартатын, тау-тасы, топырағына дейін сөйлеп жатқан ұлы шаһарымыз. Міне, кейінгі отыз жыл еншілеп берген біздің Алматы азаттығымыздың алтын бесігі деген киелі ұғыммен ұлт жадында жаттала бастады.

Осы жылдың басында орын алған қаңтар оқиғасы сол алтын бесігіміздің басына ғана емес, Алаш жұртының басына қайғы бұлты болып үйіріліп, қабырғамызды қайыстырғанын қалай жасырамыз. Бұл оқиғаға мемлекеттік тұрғыдан, халықтық немесе ұлттық тұрғыдан қарасақ та, біздің ұлы шежіре-тарихымызға енген қасіретті күндер. Күні кеше Алматы төрінде «Тағзым» атты мемориал ашылды. Оның салтанатты ашылуында сөз сөйлеген Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев іргелі кешеннің сол ел ішін бір сәтте теңселтіп тастаған қаралы күндерді ұмытпау, одан сабақ алу және келер ұрпақтың қайталамауы үшін ашылғанын атап өтті.

«Тағзым» өткенімізден сабақ беретіндей, катемізді, жіберген

әттеген-айларымызды көз алдымызға тағы бір мәрте әкелетін және ұлт ретінде, ұрпақ ретінде бізге ұятымызды бекіте бастайтын, екіншіден қайғы-қасіретімізден қорытынды шығаратындай, намысымызды қамшылайтындай әдемі бір архитектуралық кешен болып шығыпты. Біз мұны көріп отырып, кешегі қаңтар қасіреті кезінде жасаған қателіктерімізді танимыз.

Алматының әр тасы, әр көшесі осыған дейін қалай тарих болып, тұлғалардың тағдыры болып сөйлеп, кешегі ауыр күндердің көзіндей болып тіл қатып отырса, мына «Тағзым» жаңа дәуірдегі тағдырымызды анықтау, бағытымызды белгілеуге, бірігіп отырып жаңа сипаттағы жаңа қоғамда қалай жасау керек деген сауалдарға жауап табуға көмектесетін тың кешен деп ойлаймын. Тіпті, ерте дәуірдегі Күлтегіннің, кешегі Бұқар жыраудың, Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, бертіндегі Алашорда көсемдері Әлихан Бөкейханов, Мұхтар Әуезовтің, күні кеше қатарымызда жүрген ақын Мұқағали Мақатаев сынды тұлғалардың қашап жазылған ұлағатты сөздері бар отаншыл ұлттық ұрпақты тәрбиелеуге және артыңа бұрылып қарап отырып, алдындағы жолыңды адаспай табуға көмектесетін кешен болды бұл.

Бұл кешегі қаңтар оқиғасының ғана қасіретін еске салып қоймай, өзімізді тануға жетелейді. Бұл поэтикалық ұлттың өз мүмкіндігін өзі бағалауға бағыттайтын үлкен мағыналы туындының дүниеге келгенін аңғартады.

Сондықтан айбыны мықты, айдыны кең, тамыры терең, тұрпаты бөлек халықтық рухтағы мемориалдық кешен үлкен-кішіге ой салары сөзсіз.

Ғайни САҒИДУЛЛАЕВА,
сәулетші:

«Тағзым» мемориалының мағынасы терең



Қасіретті қаңтар – еліміздің тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиғаның бірі болып тарих қойнауына енді. Осы бір қиын шақта мемлекеттігіміздің тұғыры шайқала жаздап, халқымызға зор қауіп төнді. Президентіміз айтқандай, әділеттілік іздеп, алаңға шыққан көптеген азаматтар арандатушылардың арбауына еріп, қаза тапты. Алматыда сол қаңтар құрбандарына арналған «Тағзым» мемо-

риалы ашылғаны көпшілікке мәлім. Мемориалдың авторларының бірі ретінде айтарым, бұл ескерткіштің мағынасы өте терең. Мұнда Қазақ елінің мемлекеттігін нығайту жолындағы қилы кезеңдер сипатталады. Тас тұғырларға әйгілі тұлғаларымыздың өлеңдері және өсиеттері қашалып жазылды. Ұлы адамдардың ойшыл сөздері көпшілікке ой салады. Бұл мемориал қаңтарда қаза болған азаматтардың рухына тағзым ретінде орнатылды. Кейінгі ұрпаққа тағылым боларлық маңызы да зор.

«Тағзым» мемориалындағы әйгілі тұлғалардың сөздері мен ақ, қара тастар өткенді еске салып тұрады. Мемориалға келген адамның көзі алдымен жерде жазылған сөздерге түседі де, жайлап жоғары көтеріліп, стелладағы нақыл сөздерді оқиды. Мұндағы қара зона қаңтар оқиғасын білдіреді. Мемориал осы жерден бітеді. Ары қарай ашық алаң, логикалық жағынан алсақ, соңы жоқ. Демек, мемориал болашақта динамикалық жағынан өзгеріп тұруы да мүмкін деген сөз.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Асанәлі ӘШІМҰЛЫ,
КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері:

Бейбіт заман болсын!



Быттырғы жыл еліміз үшін оңай болмады. Маған да оңай болмады. Талай шаңырақ қара жамылып, ана баласынан, бала әкесінен, жар күйеуінен айырылып қалды. Әділет іздеген жастар әділетсіздікке тап болды. Қылмыскерлердің алдауына түсіп, арандап қалды. Босқа қан төгілді. Өткенге салауат дейік.

Мемлекет басшысының қатысуымен Алматыда «Тағзым» аллеясы ашылды. Бұл өткен күннен бір белгі боп қалуы керек. Қазір жан-жақтағы мемлекеттерде болып жатқан жағдайларға қарап, сабырға келейік! Енді ондай оқиға орын алмасын дейік. Бейбіт заман болсын!

Айдар САЙТБЕКОВ,
ІІМ Алматы академиясының басшысы,
полиция полковнигі:

Ел тыныштығын қастерлеуге үндейді



қолынан қаза тапса, қаңтар оқиғасы осы бір қаралы санды тағы да еселей түсті.

Алматы қаласында «Тағзым» мемориалының ашылуы біздің ел басына күн туған ауыр күндерде қаза тапқан әріптестерімізге деген үлкен құрмет деп білеміз.

Мемориалдың ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қаңтар қасіреті мен сол кезде өмірі қиылған азаматтар жадымызда мәңгі сақталады», – деген болатын. Иә, қаңтар оқиғасы кезінде құқық қорғау органдарының 3 мыңнан астам қызметкері жараланып, 19 адам қаза тапты. Қаншама әріптесіміз мүгедек болып қалды.

Осы ауыр күндерде Алматы академиясының жеке құрамы да ел қауіпсіздігі үшін сапқа тұрды. Қаңтар оқиғасы кезінде батылдық танытып, бейбіт тұрғындарды қорғаған тактика-арнаулы даярлық кафедрасының басшысы, полиция полковнигі Олег Романович Цой Мемлекет басшысының қолынан «Ерлігі үшін» медалін алды.

«Тағзым» мемориалы жәй ескерткіш ғана емес, ол Мемлекет басшысы айтқандай, тұрақтылық пен татулық болса ғана еліміздің амандығын, жеріміздің бүтіндігін қорғай алатынымызды дәлелдейтін мемориал.

Алтынай КӨБЕЕВА,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің
төрайымы:

Ел тыныштығы – басты құндылық



Жазықсыз жандардың өмірін қиып, елді дүрліктірген қаңтардағы қайғылы оқиғадан кейін бір жылға жуық уақыт өтті. Жанға жара салған ауыр күндерде құқық органдарының қызметкерлері мен қаңғыған оқтан кездейсоқ мерт болған бейбіт тұрғындар көп болды. Өкінішті, әрине. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ашылған «Тағзым» мемориалы алматылықтар үшін маңызды орынға айналатыны сөзсіз. Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген мемлекет басшысы «Шын мәнінде, бұл ескерткіштің мағынасы терең, маңызы өте зор. Мұнда Қазақ елінің мемлекеттігін нығайту жолындағы қилы кезеңдер көрініс тапқан. Тас тұғырларға әйгілі тұлғаларымыздың өлеңдері және өсиеттері жазылған. Ұлтты ұйыстыратын осы сөздер әрқайсымызға ой салады. Бұл мемориалды қаңтарда қаза болған азаматтардың рухына тағзым ретінде тұрғыздық. Сондай-ақ, оны кейінгі ұрпаққа тағылым болсын деп орнаттық, – деді.

Иә, сын сағатта халық теңдесі жоқ бірлік пен табандылық көрсетті. Қаңтар оқиғасы барлығымызға сабақ болып, тыныштық пен бейбітшіліктің қадір-қасиетін түсіндірді. Сондықтан бұл мемориалға немқұрайлы қарауға болмайды. Өйткені, елдің амандығы мен тыныштығы біз үшін ең қымбат құндылық.

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА БЕЛЕС!



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Көңілді әуен кернеген кең заңдың қак ортасында алып шырша орнатылған. Ертегі кейіпкерлерінің кейпіне енген балалардың көңілді үндері музыкалы әуенмен астасып, думанды кештің шыршайын аша түскендей. Жүздерін қуаныш кернеген балалардың көңілдері тым көтеріңкі. Олардың барлығы да Мемлекет басшысының атынан өтетін шыршаға қатысқандарына қуанышты. Әрине, Президент шыршасына оқуда озат, белсенді балалардың ғана қатысатынын ескерсек, бұл бір ерекше мақтаншы.

Сондықтан биылғы жаңажылдық шырша мерекесіне ата-ана қамқорлығынан тыс қалған, әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасы балалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта жетістікке жеткен дарынды балалар шақырылып отыр. Бұған қоса, жыл өткен сайын еліміздің экономикалық жағдайының жақсарып келе жатқанының арқасында биылғы шырша тойына қаты-

сушы балалар саны да арта түсіп, 300 балаға жеткен. Мерекеге қатысушы балаларға заманауи технологиялардың көмегімен, музыкалық-интерактивті шоу-спектакль көрсетілді. Түрлі кейіпкерлермен бірге ертегі әлеміне енген бала біткен «Жаңажылдық сиқыр» атты қойылымға қатысты.

– Баршаңызды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын! Мен бүгін сіздермен бірге осынау мерекені тойлап жатқаным өте қуаныштымын! Бүгінгі шырша мерекесіне қаламыздың сегіз ауданынан 300 бала шақырылды. Сіздердің әрқайсыларыңыз жыл бойы жаңа жылды асыға күтетіндеріңіз анық. Осынау мерекеден ерекше сый күтіп, жүрек түкпірінде ең бір қажетті нәрсені армандайтындарыңыз да анық. Алдағы жаңа 2023 жылы сәттілік, амандық, мықты денсаулық және барлық тілектеріңіздің орындалуын тілеймін! Құрметті менің жас достарым! Жаңа жыл сіздер үшін басты мереке! Менің де үш балам бар, ең кіші қызымның жасы 10-да. Ол да сіздер сияқты жаңа жылда өзінің арманындағы сыйлықтарын күтеді. Бүгін мен мұнда ерекше миссиямен келдім – біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев барша баланы келе жатқан Жаңа жылмен құттықтауды тапсырды! Еліміз сіздерден үміт

күтеді. Сіздерден жақсы оқып, үздік бағалармен, жаңа спорттық рекордтармен қуантады деп күтеміз, – деді Алматы қаласының әкімі.

Осыдан соң қала әкімі барлық балалармен бірге көңілді әнмен әлемдік үрдіс бойынша жаңажылдық шыршаны айналып, Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырды. Жаңа жылдың басты қонақтары ортаға келіп, балаларды қуанышқа кенелтті.

Мерекелі кешке келген балаларды «Кел, Жаңа жыл!», «Рахмет, саған аппақ қар!» әнімен Роза Рымбаева да құттықтай келді.

Сондай-ақ, балаларды үлкен ЛЭТ экран арқылы еліміздің мақтаныштары Димаш Құдайберген, Ержан Максим, Данэлия Төлейшова, Дмитрий Баландин құттықтады.

– Биылғы жыл еліміздің барлық балалары үшін өте ерекше болды. Өйткені, бұл жылы барлық жақсымызды балаларға арнадық. Балаларға мемлекет тарапынан айрықша қамқорлықтар жасалып жатыр. Аталмыш шырша мерекесіне Алматы мектептерінің үздіктері, белсенділер, сондай-ақ көп балалы отбасылар мен мектеп-интернаттардың балалары қатысып жатыр. Балаларға арналып мерекелік дастархан жайылды. Барлық балаға Қазақстан Рес-

публикасы Президентінің атынан жаңа жылдық сыйлықтар таратылды, – деп атап өтті қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуесханқызы.

Шырша мерекесіне қатысушы балалар еліміздің эстрада жұлдыздары қатысқан жаңажылдық көңілді бағдарламаға қатысып, Президент атынан бағалы сыйлықтарға ие болды. Мереке соңында Аяз аталар барлық балаларды арнайы көлікпен шығарып салды.

Мирас ЗИЯДАНОВ, «Жанұя» кешенінің тәрбиеленушісі, 4-сынып оқушысы:

– Мен үшін бүгінгі Президент шыршасына қатысқаным аса елеулі оқиға болды. Мен бұл күнді асыға күттім. Ылғи ойлап, тағатсыздана күтіп жүрдім. Тіпті, осы шыршаны түсімде де көрдім.

**Айым АЛДАБЕРГЕНОВА, «Жанұя»
мектеп-интернатының тәрбиеленушісі:**

– Бүгін мен үшін өте керемет күн болды. Мемлекет басшысына барлық баланың атынан алғыс айтамын. Өз басым шырша мерекесіне алғаш рет қатысып отырмын.

Балнұр ХАЛЫҚОВА, «Жанұя» мектеп-интернатының 7-сынып оқушысы:

– Маған сыйлықтар қатты ұнады. Бағдарлама қызыққа толы болды. Концерт те керемет болды.

ҚОЙЫЛЫМ

ШЫТЫРМАН ОҚИҒАҒА ТОЛЫ

нағыз отбасылық шоу кеңістік пен уақыт арқылы саяхатқа шақырады

**Республика
сарайында бұрын-соңды
болмаған жаңажылдық
«Әлихан және уақыт
машинасының күйіңісі»
атты қазақстандық
фантастикалық
отбасылық қойылым
болды.**



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Шытырман оқиғаға толы фантастикалық шоу Алматыда алғаш рет сахналанып отыр. Күрделі декорациялар мен лазерлік проекция. Керемет костюмдер мен үлкен шарлар, ұшатын интерактивті нысандарға бай қойылмын кішкентай көрермендерді оқиғаға белсенді қатыстыруымен ерекшеленді.

Қазақ және орыс тілдеріндегі 3 пен 12 жас аралығындағы көрермендерге арналған оқиға уақыт машинасында ағасын іздеп шыққан қарапайым қазақ баласы Әлихан туралы баяндайды. Бірде тас



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

дәуірінде, бірде перғауын сарайында, бірде Ежелгі Отырарда, бірде алыс болашаққа, елдер мен дәуірлерді бағылдықыпен аралаған ол түрлі шытырман оқиғаларға тап болады. Уақыт мәңгілік тоқтап қалмас үшін ол жаңа жылға дейін талай сынақтардан өтіп, мәңгілік кілттердің барлығын жинап үлгеруі қажет.

Продюсер Сергей Руцкойдың айтуынша, Қазақстанда мұндай

деңгейдегі жаңажылдық шоу бұрын-соңды болмаған.

– Біз ойын-сауық контентін жасау кезінде жаңа стандарттар орнаттық. Бұл жай ғана ең үздік режиссерлерді жұмысқа тартып, сонымен қатар ең озық технологияларды, соның ішінде цифрлық декорацияны, лазерлік проекцияны, адам басқаратын ұшатын және интерактив нысандарды қолданып жатқанымызда емес. Тағы бір ең

маңызды нәрсе бұл: біз гаджеттер әлемінде өмір сүретін және супер-қаһарман болуды армандайтын қазіргі заманауи балалардың тілінде сөйлейміз. Осылайша Жаңа жыл кешін әр баланың жүрегінде жанды үн табатын кейіпкерлермен, кеністік пен уақытқа қызықты саяхатқа айналыру идеясы туды», – дейді продюсер.

Ал сценарист Нұржан Тұтовтың пікірінше, интерактивті оқиға көрермендерге шоудың толық қатысушысы болуға және көптеген жаңа нәрселерді білуге көмектеседі.

– Бұл идеяның тағы бір артықшылығы – оқиғаны әрі қарай жалғастыру мүмкіндігі бар. – Бүгінгі таңда Әлихан Жаңа жылды құтқар-

са, ал ертең ол жаңа қызықты сапарға аттанады. Онда қандай қызықтар болмақ? Бәлкім, суасты патшалығында қазына іздей ме? Жаңа планеталарға аттана ма? Бүддірішіндер ержүрек батырмен қайта кездесуді асыға күтеді. Тамаша костюмдер мен актерлердің, әншілердің, бишілердің, министр мен музыканттардың таланты саяхатты ұмытылма сөтеді, – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, нарықтағы интерактивті

спектакльдердің жаңа стандарттарына және отбасылық шоуудың қазақстандық өндірісіне баса назар аударылған. Ұшатын шарлар, жарқын жиынтықтар, ұшқышсыз зымыран шоу көрермендерін бей-жай қалдырмады.

– Керемет костюмдер және ең озық технологиялар сандық жиынтықтар, лазерлік проекция, басқарылатын ұшатын және интерактивті нысандар балалар үшін ғана емес, сонымен қатар олармен бірге келген ата-аналары үшін де қызық өтеді. Өйткені, біз жаңа форматтағы һәм күрделі декорациялар мен арнайы эффектілер арқылы елімізде алғаш рет нағыз отбасылық шоу жасадық деп есептейміз. Билет сатудан түскен қаражаттың бір бөлігі қайырымдылық мақсаттарға жұмсалады. Өйткені, Жаңа жыл – баршаның басын біріктіретін мереке! – дейді Bayev group бас директоры Алексей Басв.

Көрсетілген кәсіпкерлердің көрсеткенін ескергенде, көтерінкі көңіл күй сыйлаған қойылымды 3 қаңтарға дейін күніне 2-3 рет көрсету жоспарланып отыр. Билеттердің бағасы залдағы орынға байланысты 3000 теңгеден 7000 теңгеге дейін белгіленген.

Айта кетейік, премьераның алғашқы күні шоуға Алматыдағы балалар үйлерінің, көпбалалы отбасылардың балалары және әлеуметтік осал және мұқтаж отбасылардан шыққан 2000 бала келді.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

«МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫНА – 50 ЖЫЛ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматының ең көрікті әрі көрнекті орындарының бірі – «Медеу» спорт кешенінің 50 жылдығына орай мұз айдыны аумағында салтанатты мереке өтті.



Досбол
АТАЖАН

Мерекелік іс-шараның алдында Алматы қаласы спорт ғимараттары дирекциясының басшысы Елена Тё, «Медеу» мұз айдыны құрылыс авторларының бірі Борис Яглинский, 1998 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Людмила Прокашева және 2019 жылғы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Қазақстанның төрт дүркін чемпионы Элизабет Тұрсынбаеваның қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

– «Медеу» мұз айдынының 50 жылдығына орай мерекелік кеш ұйымдастырып, бізге жеткен осындай көрнекті орынның тарихын, мұнда орын алған каншама тарихи оқиғаларды келешек ұрпаққа көрсеткіміз келді. Сондай-ақ, бүгін мерейтойға орай мұз айдынында жас конькимен жүгірушілер арасында ашық жарыс өткіздік. Бұл да бұрыннан келе жатқан дәстүр. 2023–2024 жылдары «Медеу» спорт кешенінде бірнеше халықаралық жарысты өткізуді жоспарлап отырмыз. Осындай шаралардың арқасында «Медеудің» спорттық атағын қайтарамыз деген үміттемін, – деді Алматы қаласы спорт ғимараттары дирекциясының басшысы Елена Тё.

Ал Л.Прокашева мұз айдыны туралы алғашқы естеліктерімен бөлісті.

– Бүгінгі күннен бастап «Медеудің» тыныс-тіршілігі жандана түседі деп ойлаймын. Мен мұнда конькимен жүгіруші ретінде алғаш рет 1980 жылы қазан айында келгенмін. Сондықтан мұз айдынын жақсы білемін. Бұл жердің бір тамаша ерекшелігі бар, жел жарыс жолының екі жағынан да соғады. Егер спортшы дәл сондай сәтке түсіп қалса, ол өз нәтижесінен 3 есе асып кете алады. Мен 1994 жылы Олимпиада ойындарына іріктеу өтіп жатқан кезде осындай жел айналымына түсіп, өзімнің ең үздік көрсеткіштерімнің бірін көрсеттім. Келесі жылы «Медеуде» халықаралық жарыстар, оның ішінде жасөспірімдер арасындағы әлем кубогы өтеді деп естідім. Алдағы бастамаларға сәттілік тілеймін, – деді 1998 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Людмила Прокашева.

Конференция барысында Қазақстанның төрт дүркін чемпионы Э.Тұрсынбаева да өзінің ішкі тебіренісімен бөлісті.

– Мен «Медеуді» жүрегіммен шынайы жақсы көремін. Мұнда өткізген



әр күнім мен үшін мерекеге айналады. Мұз айдынын сапасы өте жақсы, жабық алаңдардан еш кем емес, – деп атап өтті Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева.

«Медеу» мұз айдынының 50 жылдығына арналған мереке көрнекті қазақ спортшылары мен жаттықтырушыларының шеруімен ашылды. «Ұрпақтан ұрпаққа» аталған кеште Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев сөз сөйледі. Ол қала тұрғындары мен қонақтарын осынау айтулы мерекемен құттықтады.

– Тек Алматының емес, Қазақстанның көзайымы, туристер мен қала тұрғындарының, жастардың сүйікті демалыс орны – «Медеу» мұз айдынының 50 жылдығымен қала басшылығының атынан құттықтаймын! Жартығасырлық тарихы бар бұл жерде 350-ге жуық әлемдік рекорд орнатылған. Алдағы жылдары «Медеуде» үлкен жөндеу жұмыстары жасалады. Көрнекті орынның тарихи келбеті сақталады, тек инфрақұрылымын жетілдіру жоспарланған, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаев.

Ресми құттықтаудан кейін қала тұрғындары мен оңтүстік астана қонақтары алдында әлемге әйгілі спорт шеберлері өнер көрсетті. Атап айтқанда, мәнерлеп сырғанаудан танымал

спорт жұлдыздары Роман Костомаров, Евгения Медведева, Татьяна Тотьмянина, Максим Маринин, Оксана Домнина, Максим Шабалин және Морис Квителашвилидің қатысуымен шоу ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, мұз айдынында өзінің ерекше бағдарламасымен қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы, 2019 жылғы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылғы Қысқы Универсиаданың күміс жүлдегері және II Қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының қола жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева өнер көрсетті.

Мереке аясында Анастасия Игнатъеваның дирижерлік етуімен атыңызға айналған «Мұзды симфония» мұз балеті мен Илья Овербухтың «Жүрек те жанып тұр» гала-шоуы өтті. Сонымен қатар, көрермендер қазақстандық тұңғыш мұз шоуы – «Olympic Show» қойылымын тамашалады.

Кешкі концерттің басты жұлдызы ретінде танымал қазақстандық әнші Moldanazar өз өнерін паш етті. Шоу барысында түрлі ойын-сауық, интерактивті алаңдар мен тарихи аймақтар жұмыс істеді. Мерекелік шара түрлітүсті отшашумен аяқталды.

Айта кеткен жөн, бүкіл әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны 1972 жылы 28 желтоқсанда ашылған болатын.

КИНОКЕҢІСТІК

САПАЛЫ ТАРИХИ ФИЛЬМ

Сауд Арабиясындағы дипломатиялық корпуста «Ambassadors Choice International Film Festival» кинофестивалі өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Фестивальге Қазақстанмен қатар, Үндістан, Испания, Аустралия, Куба, Швеция, Бангладеш, АҚШ, Ливан, Сауд Арабиясы, Алжир, Ливан, Палестина сияқты елдер қатысты.

Кинофестиваль аясында режиссер Ақан Сатаевтың «Томирис» атты қазақстандық көркем фильмі көпшілікке ұсынылды. Кино ежелгі грек тарихшысы Геродот Галикарнастың массагет патшайымы туралы әңгімелейтін шежірелеріне негізделген.

Фильм жергілікті көрермендер мен дипломатиялық корпус өкілдерінің оң пікірлеріне ие болды. Тамашалауға келгендер отандық кино актерлерінің ойынын жоғары бағалады. Олар сондай-ақ, ең күрделі жауынгерлік, шабандоздық шеберлік көріністерінің ауқымы мен орындалуын атап өтті және «Томирис» фильмін соңғы жылдардағы сапалы тарихи фильмдердің бірі деп атады.

«ҚЫЗЫМНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ»



Алматыда тағы бір отандық фильм көрерменге жол тартты. «Қызымның қорғаушысы» деп аталатын кинокартина көрермен көңілінен шықты. Экшн жанрындағы туындыны Tiger Films продюсерлік компаниясы түсірген.

Фильмде кино және эстрада жұлдыздарымен қатар, қоғам белсенділері де бой көрсетеді. Бұрынғы әскери қызметкер Асқар қапыда әйелі мен қызынан айырылып қалады. Қайғы жұтып, құрдымға кетіп бара жатқанын көрген әріптестері оны бизнесменнің қызына оққағар етіп жұмысқа орналастырады. Ал бойжеткенді ұрлауға бекініп, торауылдап жүргендер көп. Осылайша қазадан енді ес жия бастаған Асқар, тағы бір сынаққа тап болады. Фильм осылай басталады. Басты рөлдің бірін Тәуекел Мүсілім ойнайды. «Бала кезімізден Жан-Клод Ван Дамм, Джеки Чан сынды танымал актерлерге қарап өстік. Сол кісілерге өзімізді теңегендей болып, әрдайым сол соғыс киноларға қызығатынымын, бала арманым десем болады. Бала арманым орындалып, қалың көрермендерге жол тартып жатқан туынды бәріне ұнайды деген сенімдемін», – дейді актер Тәуекел Мүсілім.

Фильмде танымал кәсіпкердің 17 жастағы қызы Аружанды Амира Махмудова ойнайды. Ол өзінің кейіпкерінен бір жасқа ғана кіші. Бұл Амираның кинодағы алғашқы қадамы. «Мен Тәуекелдің жанында өзімді жайлы сезіндім. Біз фильм туралы ғана емес, өмір туралы сөйлестік. Мен өзімнің рөлімді шынайы ойнауға таныстым. Көрерменнің көңілінен шығады деген ойдамын. Tiger Films жастарға тәжірибе жинақтауға және талантын ашуға мүмкіндік жасайды. Олардың қатарында картинаның режиссері және сценарисі Алена Алмаз да бар», – дейді актриса Амира Махмудова.



«ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ»

АЛМАТЫ ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ
ОСАЛЫ ЖОҚ

Шетелдің озық тәжірибелерін бізде де қолдану әдістері талай науқастың өмірін ажал аузынан алып қалып жатыр. Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында Израильден келген ангиохирургтардың қатысуымен «шеберлік сабағы» өтті. Бұл туралы бізге Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.



Үш операция да сәтті өтті

Иә, бүкіл әлемде жоғары технологиялық операциялар мыңдаған пациенттің өмірін құтқарып келеді. Өкінішке орай, қан тамырлары ауруларына шалдыққан пациенттер саны жылдан-жылға өсіп келеді. «Шеберлік сабағында» перифериялық тамырларды емдеу кезінде араласудағы келешегі бар әрі жаңа технологиялар туралы айтылды.

Орталық қалалық клиникалық аурухананың қан тамыр хирургтарымен бірге асқазан-ішек жолдарының қансырауы кезіндегі эмболизация, қуық асты безінің аденомасы кезінде тамыр эмболизациясы, күрделі диабеттік ангиопатия кезінде аяқ тамырларын қайта өзекеу секілді үш операция жүргізілді.

Орталық қалалық клиникалық аурухананың қан тамыр хирургі Сұлтан Иллевтің айтуынша, асқазан-ішек жолдарының үстіңгі бөліктерінің қансырау себебі – асқазан жарасы, аш ішек жарасы, Маллори Вейс синдромы, өңеш тамырының түйнеліп кеңеюі және т.б. зақымдануы.

Көптеген жағдайда өлімге апаратын, пациенттің өміріне қауіп төндіретін асқазан-ішек жолдарының қансырауының белгісіз этиологиялары кездеседі. Диабеттік ангиопатия кезінде операциялық араласу кертартпа емдеу тиімді болмаған ауыр жағдайда қаралады.

«Оған тамырдың тарылған учаскелері, зақымдалған учаскелерін алып тастау немесе тамырларды кеңейту кіреді. Қуық асты безінің аденомасы кезінде тамырлар эмболизациясы шағын инвазивті операциялық араласу болып табылады. Операция кезінде қуық асты безінің ісіктерін қанмен қамтитын күретамир бұзатын, яғни бітеледі. Нәтижесінде аденоманың мөлшері кішірейіп, бірте-бірте несеп жолының қызмет етуі қалпына келе бастайды. Барлық жоғарыдағы операцияларды, әрине, біз өз ауруханамызда жасағанбыз және жасап келеміз. Дегенмен, тәжірибе алмасу деген өте жақсы», – деді маман.

Кездесу барысында «Хирургия-

лық араласу кезіндегі анестезиологиялық әдістеме, инсульт және т.б. кезіндегі анестезиологиялық әдістеме» тақырыптары бойынша теориялық дәріс өткізілді. Израильден келген спикерлер – жетекші ангиохирург, эндоваскулярлы хирург Александр Климов, операция жасау департаментінің, анестезиология және ауру бөлімшесінің, зарарсыздандыру блогының меңгерушісі Дина Оркина, профессор Борис Оркин тәжірибелерімен бөлісті.

Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және «ДҚДМ» Қазақстан медициналық университеті ұйымдастырған «шеберлік сабақтары» мегаполис ауруханаларының дәрігерлеріне арналған медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде өтті.

Осы орайда айта кететін жайт, тамырға жасалатын барлық мамандандырылған, шағын инвазивті, эндоваскулярлы операциялар Орталық қалалық клиникалық ауруханада ТМҚК және МӘМС есебінен тегін жүргізіледі.

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Ми тамырларына бірегей ота жасалды

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының нейроинсульт бөлімшесіне 1988 жылғы науқас түскен. Пациент бұған дейін мидың сол жағында мийшілік гематоманың пайда болуы салдарынан геморрагиялық типті инсульт алған екен.



капшық аневризмасының жатыр мойны бөлігінде өмірлік маңызы бар тамырдың орналасуына байланысты науқасқа жарақаттылығы төмен рентгенэндоваскулярлық эмболизация жасау мүмкін болмаған. Сондықтан ҚЖШҚКК нейрохирург-мамандары капшық аневризмасын клиптеу туралы шешім қабылдаған.

Ми аневризмасын клиптеу хирургиялық араласудың дәстүрлі әдістері жарай бермейтін науқастардың өмірін сақтайды. Бұл техникалық жағынан күрделі жоғары технологиялық араласулардың бірі. Мұндай ота дәрігерлерге қиын жағдайларда, басқа нұсқалар мүмкін болмаған кезде, аневризмаға қосымша қол жеткізу мүмкіндігін береді. Бұл – қысқаш-

ты қолдану арқылы ми тамырларының қапшықты түзілуін микрохирургиялық алып тастау отасы. Мұндай отаның бар қиындығы дәл аневризма орналасқан тамырға хирургиялық қол жеткізу және қол жеткізу кезінде оның жарылып кетуіне жол бермейтін микрохирургиялық әдісті қолдана отырып, аневризманы оқшаулауда жатыр.

Құрамында нейрохирург-дәрігерлер Евгений Жуков пен Максим Аргумбаев, оталық медбике Захирям Калашиева және анестезиолог Ринат Қасенов бар оталық топ сол жақ ортаңғы ми артериясы М1 сегментінің қапшық аневризмасының мойнын клиптеді. Аневризманы оқшаулағаннан кейін мамандар оның мойнына өздігінен қысатын микроқұрылғы, қысқышты қойды. Ми тамырының патологиялық бөлігі түзетіліп, тамырдың тұтастығы қалпына келтірілді. 3 сағатқа созылған ота сәтті өтті.

Мамандар дер кезінде анықтаған ми тамырларының қауіпті патологиясы және сәтті жасалған шұғыл ота науқастың өмірін сақтап қана қоймай, оның өмірлік белсенділігін толық қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

МӘМС

Алматы дәрігерлері тұқым қуалайтын ауруға шалдыққан 9 балаға күрделі микрохирургиялық операция жасады.

9 баланың өмірі жеңілдеді

№2 қалалық клиникалық бала-лар ауруханасында ресейлік микрохирург Андрей Вайтингердің қатысуымен екі күндік «шеберлік сабағы» өтті. Онда пациенттер білікті дәрігерлерден кеңес алды. Ал ең бастысы, тұқым қуалайтын мукополисахаридоз ауруымен ауыратын 9 балаға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен операция жасалды.

Бірегей күрделі оталарды ресейлік маманмен бірге №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының травматология және ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі Ерлан Садырбаев мен балалар хирургі Ұлжан Солтанбекова жасады.

«Операциялардың бәрі шағын

инвазивті әдіспен жасалды. Арнайы құралдардың көмегімен жасалған хирургиялық манипуляция саусақтардың қозғалысын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бірегей операцияларды жасау арқылы біз де алдағы уақытта кәдеге жарайтын үлкен тәжірибе жинадық», – дейді Ерлан Садырбаев.

Мукополисахаридоз – ағзада гликозаминогликандардың жинақталуы салдарынан болатын тұқым қуалайтын ауру. Дәнекер тіндерді зақымдайтын дерт салдарынан пациенттің жүйке жүйесі, көз жана-ры, ішкі органдары мен қимыл-қозғалыс аппаратының жұмысы бұзылады. Ол жер бетіндегі 100 мың адамның 50-інде кездесетін сирек (орфандық) дерт.



БӘРЕКЕЛДІ!

Құрсақтағы сәби де дін аман

Алматылық хирургтар күрделі ота жасап, жүкті әйелдің өмірін сақтап қалды.



Дәлірек айтсақ, «Қалқаман» ауруханасының дәрігерлері ішек жолдары бітелген жүкті әйелге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен аса күрделі операция жасады.

Жүктілігіне 20 апта болған 27 жастағы келіншек аурухананың қабылдау бөліміне шұғыл жеткізілген. Пациент ішінің жоғарғы жағы шаншып ауыратынын, жүрегі айнып, құсатынын және іші жиі кебе беретінін айтып шағымданған. Мультидисциплинарлық команда дереу арнайы тексерулер жүргізді.

№7 аурухананың бас дәрігері, профессор М.Рамазанов, бас дәрігердің орынбасары К.Байжігітов, реанимация бөлімшесінің меңгерушісі Е.Еспенбетовтің қатысуымен шұғыл түрде консилиум өткізіліп, тез арада хирургиялық операция жасау туралы шешім қабылданған.

«Жамбастағы жарық пен абдоминалды жабысқақ ауруының асқинуы салдарынан ішек жолдары бітеліп қалған. Нәтижесінде пациенттің жағдайы ауырлап, өміріне қауіп төнген. Ана мен баланың өмірін сақтап қалу мақсатында аса күрделі лапаротомиялық операция жасалып, ішек жолдары ашылды», – дейді ота жасаушы дәрігер, аурухананың №1 хирургия бөлімшесінің жетекшісі Нұрлан Мауленов.

Ота 2,5 сағатқа созылған. Білікті мамандардың арқасында бүгінде ана да, құрсақтағы шарапа да дін-аман.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

Қазақ өнерінің қарыштап дамуына әйгілі әнші Роза Бағланованың қосқан үлесі қомақты. Сонау қиын жылдары қиыншылықпен белдесіп, жас өмірі ауыр еңбекпен өтсе де, асыл тас су түбінде қалған жоқ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Есімі халқының есінде мәңгіге қалған әйгілі әнші Роза Бағланова 1922 жылдың 1 қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы өңірінде дүниеге келген. Жастайынан қиындықтың дәмін татса да, алдына мақсат қоя білген жас қыздың бар ойы арнаулы білім алу болды. Сол үшін қалаға келіп, оқуға түседі. 1941 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген соң, өнер жолын Ташкент филармониясының мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде бастайды. Көп ұзамай жас қыз Мәскеу консерваториясына жолдама алды. Бірақ кенеттен сұм соғыс басталып, ансамбльмен бірге майданға кете барады. Оқ пен оттың арасында жүрсе де, Роза Бағланова бригаданың құрамында Қызыл Армия жауынгерлерінің алдына шығып өнер көрсетті. Жауынгерлерге рух беріп, жертөлелерде, вокзалдарда, танктерде, тіпті ұшақтың қанатына шығып та ән айтқан кездері болды. Ұлы Отан соғысы кезінде Роза Бағланова өзінің шығармашылығымен әскерлердің көңіл күйін көтеріп қана қоймай, медбикелерге көмектесіп, жаралы жауынгерлердің ұрыс алаңынан шығуына көмек көрсетті.

Ансамбль мүшелерімен бірге Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары майдан даласында өнер көрсеткен Роза Тәжібайқызы 1945 жылдың 9 мамырында соғыстың аяқталу құрметіне арналған Берлиндегі жеңіс концертіне қатысып, ән шырқайды.

Соғыстан кейінгі жылдары Роза Бағланованың нағыз шығармашылық дәуірі басталып, енді қазақ өнерінің өркендеуіне өз үлесін қосуды бастайды. 1947–1949 жылдары Қазақ опера және балет театрының, 1949–1960 жылдары – Қазақ филармониясының, 1960 жылдан бері – Қазақконцерттің әншісі болып, ұлттық ән өнерін дамытуға зор үлес қосады.

Атағы шығып, танымал бола бастаған Роза Бағланова 1946 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық эстрада әншілері конкурсының дипломаты, ал 1949 жылы Бухаресте өткен бүкіл дүниежүзілік Жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты атанды. Өнер шеберінің еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, «Шапағат» медалімен марапатталған.

Әншінің орындауындағы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», М.Төлебаевтың ақын өлеңіне жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», С.Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қиыстырып мақтайсыз» әндері Қазақ радиосының қорында сақтаулы. Роза Бағланованың орындауындағы әндер бірнеше рет күйтабаққа жазылып, қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына қосылды. Сол жылдарда шет мемлекеттердің сұранысына сай әншінің бірнеше тілдегі әндері көптеген күйтабақ болып шығарылды.

Роза Бағланова КСРО-да бүкілхалықтық танымалдылыққа ие болған алғашқы



«АЙНАЛАЙЫН, ХАЛҚЫМНАН ЕРКЕЛЕТКЕН!»

қазақ әншісі болды. Роза Бағланованың репертуарында әлемдік опера өнерінің туындылары, түрлі елдердің халық әндері мен заманауи композиторлардың әндері бар.

Роза Бағланованың атақты «Ах, Самара-городок» әні бүгінгі күні де танымалдығын жойған жоқ. Егер сіздің жолыңыз Самар қаласына түсе қалса, саябақтар мен ұшақ алаңдарында «Ах, Самардың қаласы» әнінің үнемі шырқалып тұратынын байқайсыз. Байырғы тұрғындардың «бұл біздің Розочка. Бағлановасы бар халық қашанда бақытты» деп баға беруі, біз үшін зор мақтаныш болса керек.

Роза Бағланова – бүкіл дәуірдің ұлттық бейнесі. Кезінде Роза Бағланова А.Вертинский, Г.Уланова, М.Плисецкая, И.Ильинский, А.Райкин, С.Рихтер, Д.Шафран сынды алыптармен бірге бір сахнада тұрды. Әнші өнерін тек Қазақстан ғана емес, Польша, ГДР, Мажарстан, Австрия, Чехословакия, Қытай, Корея, Үндістан, Бирма, Канада, Швеция, Бельгия және т.б. елдер тамашалады.

Роза Бағланованың ешкімге ұқсамайтын үні 50-ден астам елдің көрерменін тандандырды. 1957 жылы ол Венгрия, Германия, Қытай, Польша, Чехословакия, Ауғанстан, Үндістан, Австрия, Бельгия, Бирма, Швеция, Канадада концерттер

берді. Оның репертуарында қазақ халық әндері, заманауи композиторлардың шығармалары, әлем халықтарының әндері үйлесімді көрініс тапты.

Әншінің өнерін құрметтеген жұртшылық естеліктер жазып, ол туралы көптеген кітаптар мен көркем суреттер жарық көрді, поэтикалық шығармалар жазылды.

Айтулы әншінің өзі ғана емес, сөзі де әдемі болды. Үнемі халқына еркелеп жүріп, өмірден де еркелеп өтті. Ұзақ жылғы көргені мен түйгені жайлы 2007 жылы Роза Бағланованың «Айналайын, халқымнан еркелеткен» атты өмірбаяндық кітабы жарық көрді.

Өзінің 90 жылдығын халқымен бірге атап өтуді армандаған Роза Бағланова 2011 жылы 8 ақпанда Алматы қаласында 89 жасында дүниеден өтті.

Оның өнеріне бас иген қалың көрермен аяулы әншіні кезінде талай сахнасында ән салған опера театрынан мәңгілік мекеніне шығарып салды. 2021 жылғы 23 қарашада ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған атаулы күндер күнтізбесінің тізімі қабылданған еді. Қазақстанның ұсынысы бойынша бұл тізімге Роза Бағланованың 100 жылдығы да кірді.

Биыл еліміз бойынша ұлы қазақ

әншісінің есімін жаңғыртып, есте сақтау мақсатында, Роза Бағланованың 100 жылдығын мерекелеу аясында өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейлерде мерейтойлық іс-шаралар өткізілді. Мәскеу қаласында «Роза Бағланова – 100 жыл» атты үлкен концерт өтті.

Сонымен қатар, биылғы жылы атақты әншінің 100 жылдық мерейтойы аясында Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Қазақстан өнер шеберлерінің концертіне Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Майра Мұхамедқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ренат Гайсин, Жұбаныш Жексенұлы, Медет Шотабаев және тағы басқалар өнер көрсетті.

Осынау мерейтой құрметіне Роза Бағлановамен әріптес болып, тәлімін алған «Қазақконцерт» әншілері алғашқылардың бірі болып #РозаБағланова100жыл музыкалық челленджін бастаған еді. Әлеуметтік желіде таралған челленджді Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева бастап, эстафетаны «Бұлбұл» сериалында Роза Бағланованың образын шебер сомдаған жас актриса, «Астана мюзикл» театрының әртісі Зарина Жакеноваға табыс етті. Осылайша челлендж бүкіл қазақ даласын аралады.

Астананың «Қазақстан» концерт залында отандық және шетел эстрада жұлдыздарының қатысуымен Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына арналған «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАН ҚЫЗЫ» атты салтанатты концерт өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев ЮНЕСКО деңгейінде тойланатын Тұлғалар тізіміне енген даңқты әншінің ғасырлық тойы ресми түрде басталғанын айрықша атап өткен еді.

Осынау керемет концерт барысында Роза Рымбаева, Тамара Асар, Ренат Гайсин, Жұбаныш Жексен, Айгүл Қосанова, Зарина Алтынбаева, Әміре, Рухия Байдүкенова, Жанэт (Беларусь), Хулкар Абдуллаева (Өзбекстан), Мирбек Атабеков (Қырғызстан) және т.б. елімізге танымал әртістермен бірге, немересі Үрбибі Бағланова да өнер көрсетті.

Қазақ өнерінде қайталанбас із қалдырған тарихи тұлғаның мерейтойына арналған кеште Роза Бағланованың өмірі, шығармашылығы жайлы арнайы дайындалған бейне ролик көрсетілді. Біздің елімізде Роза Тәжібайқызы Халық Қаһарманы атағына ие болған жалғыз әнші. Өз өмірінің 70 жылынан астамын сахнада өткізіп, әлемнің 50-ден аса елінде болып 25 тілде ән шырқаған айтулы сахна сандуғашы жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен өнерінің өркендеп, әлемге танылуына үлкен үлес қосты.

Осы жылғы көктемнің алғашқы күнінде Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен «Қазақ әуендері» АҚ ұйымдастырған ғажайып ән кеші ерекше әсер сыйлады.

Өнер шеберлері Роза Тәжібайқызының репертуарындағы әндерді орындады. Күміс көмей әншінің тамаша әндері халықтың әншіге деген сағынышын ұлғайта түсті. Орталық концерт залына жиналған өнерсүйер қауым өнерпаздардың өнерін тамашалап, рухани демалып қайтқан еді.

Концерт соңында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының атынан ұлы әншінің құрметіне арнайы ықылас гүлі табыс етілді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Қызылорда, Алматы, Мәскеу қалаларында әншінің шығармашылығына арналған мерейтойлық концерттер, Астана қаласында Халық Қаһарманы Роза Бағланова атындағы Халықаралық вокалдық конкурсы ұйымдастырылды.

Елімізде ғана емес, бүкіл әлемде өткізіліп жатқан іс-шаралар Роза Бағланованың қайталанбас әнші екенін, тарихта алтын әріптермен жазылған алтын дауыстың иесі екенін көрсетсе керек.

Сөз жоқ, бұлбұл әншінің бірегей шығармашылығы, ғибратты ғұмыры, қайраткерлік қасиеттері өскелең ұрпақтың жадында мәңгіге сақталады.



ШАХМАТ



Алматыда Әлем чемпионаты басталды

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Салтанатты ашылу рәсіміне Халықаралық шахмат федерациясының президенті Аркадий Дворкович, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, әлем чемпионатына қатысушы елдердің елшілері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Әлем чемпионатының ашылуы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқудан басталды.

«Алматыға әлемнің үздік шахматшылары жиналды. Осындай маңызды жарысты өткізуге атсалысқан Халықаралық шахмат федерациясына алғысымды білдіремін. Мұндай әлемдік жарыстың Қазақстанда өтуі спорттың бұл түрін елімізде дамытуға көмектесетіні сөзсіз. Еліміздің шахматшылары ересектер мен жасөспірімдер арасында да ірі халықаралық жеңістерге жетіп жүр. Біз шахматты елімізде әрі қарай дамытуды жалғастырамыз», – деген Президент құттықтауында.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Шахматтан Әлем чемпионатының Алматыда өтуі – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл шара шаһарымыз үшін осы жылғы соңғы ауымды жарыс. Қала қонақтары Алматының жылы шырайын сезінеді деген үміттемін. Шын мықты жеңіске жетсін», – деді қала басшысы Ерболат Досаев.

Өз кезегінде Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев халықаралық жарыстың еліміз үшін оң әсер ететінін айтты.

«Алматы әкімдігіне жарысты ұйымдастырып, қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтамын. Бұл турнирдің еліміз үшін оң әсер ететініне толық сенімдімін. Мыңдаған балаларымыз осы жарыстан соң шахматпен айналысып, олардың арасынан болашақ чемпиондар шығатынына сенімдімін. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін», – деді Д.Абаев.

Ресми алғысөзден кейін көрермендер алдында ертеңгі жарыстың жеребесі тартылды. Айта кеткен жөн, жаһандық додаға 50 елдің үздік 290 шахматшысы қатысады. Ашық турнирде 176 ойыншы бақ сынайды. Сайыстың фавориті



Дегенмен, жарыста жас қазақстандық шахматшылар да жоқ емес. Мұндай спортшылардың бірі – 14 жастағы Ернұр Алматыда өтіп жатқан жарыстың өзі үшін үлкен тәжірибе болатынын айтты.

«Мен 14 жас-тамын. Шахматпен айналысқаныма 6 жылдан асты. Бұл менің мансабымдағы ең үлкен турнир болмақ. Әрине, жарыс деңгейі өте жоғары болғандықтан, кішкене қобалжу бар. Дегенмен, мен өзімді жақсы көрсете аламын деп ойлаймын. Алдағы мақсатым – барыңша көп ұнай жинап, өз рейтингімді көтеруге», – деді Ернұр Амангелді.

Чемпионат 26–28 желтоқсан аралығында рапид ойындарымен басталады, блиц ойындары 29–30 желтоқсан аралығында өтеді. Сол күні жеңімпаздарды марапаттау және жарыстың жабылу рәсімі болады. 2022 жылды ФИДЕ шахматтағы әйелдер жылы деп жариялады. Осы іс-шара аясында 27 желтоқсанда ФИДЕ басқарушы директоры, әйелдер гроссмейстері Дана Рейзнице-Озола шеберлік сыныбын және талантты қазақстандық қыздарға арнап бір мезгілде ойын сеансын өткізеді.

Жарыс күндері төрешілер корпусына арналған ФИДЕ семинарлары, балалар мен барлық әуесқойға арналған бір мезгілде ойын сеанстары мен блицтер, IT саладағы бағдарламашылар үшін жеке турнир өтеді.

Турнирдің ұйымдастырушылары – ФИДЕ және Қазақстан шахмат федерациясы. Чемпионат Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізіліп отыр.

ретінде Әлем чемпионы Магнус Карлсен (Норвегия) саналады.

«Жарыс деңгейі өте жоғары. Себебі, турнир шарты бойынша жарысқа ерлер үшін рейтингі 2550-ден асатын және әйелдер үшін рейтингі 2250-ден асатын спортшылар ғана қатыса алады. Жалпы, жүлде қоры 1 миллион АҚШ доллары. Алматыға келген ең танымал спортшылардың бірі – Магнус Карлсен. Бүгін оны Шымбұлаққа шығардық. Қаламыздың ең көрікті жерлерін әлемге паш ету біз үшін үлкен жетістік», – деді ҚР Шахмат федерациясының атқарушы директоры Гүлмира Дәулетова.

Сондай-ақ, чемпионаттың жеңіске үміткерлері қатарында Хикара Накамура (АҚШ, 2768), Фабиана Каруана (АҚШ, 2766), Ян Непомнящий (ФИДЕ, 2793), Аниш Гири (Нидерланды, 2764), Александр Гришук (ФИДЕ, 2745), Шахрияр Мамедьяров (Әзербайжан, 2740), Ян-Кшиштоф Дуда (Польша, 2729), Юй Яньй (Қытай, 2728), қазіргі чемпион Максим Вашье-Лаграв (Франция, 2737), сонымен қатар басқа да атақты шахматшылар бар.

Әйелдер турнирінде 100-ден астам спортшы бақ сынайды. Қазақстанның намысын әлемге әйгілі шахматшылар Жансая Әбдімәлік пен Бибисара Асаубаева қорғайды.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӘСІПҚОЙ БОКС

ОҒЛАНДАРЫМЫЗ КІЛ МЫҚТЫЛАР ҚАТАРЫНДА

Қазақ – қайсар халық. Намысын ешқашан ешкімге бермеген. Ата-бабаларымыздың өжеттігі мен батырлығы қанға сіңген қасиет деп ұғамыз. Елдің абыройын биік етуде оғландарымыз әлемді таңдандыруда. Бұл да біздің текті хәм рухты жұрттың ұрпағы екенімізді аңғартады.

Жоғарыдағы теңеулерді текке мысалға келтірмедік. Оның өзіндік сыры мен қадірі бар. Кешегі жұдырықтасу сәтінде екі қазақтың батыры жаһанды өздеріне тәңті етті. Мерзімінен бұрын жеңісті жақындатты. Олар Садриддин Ахметов пен Батыр Жүкембаев еді. Оғландарымыз қарсыластарын ойсырата ұтты. Осылайша ел намысын асқақтатты.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Аты аңызға айналған боксшы Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады» депті. Осы қанатты сөздерді қос батырымызға арнап айтуға болады. Олар кәсіпқой бокста бағы мен бабы қатар жанып келе жатқан шокжұлдыздар. Мұхиттың арғы жағында өнер көрсетіп жүрсе де, өздерінің шыққан тегін ұмытқан емес. Қайта Отанын ардақтап, қазақы нақыштағы киім үлгісімен шаршы алаңда қарсыласына дөп соққы дарытуда. Соның арқасында биік белестен көрініп, абыройымызды жоғарылатып келеді.

Кәсіпқой бокс – ең желгі спорт түрлерінің бірі саналады. Оған ерік жігері, денсаулығы ең негізгісі, ынтасы зор азаматтар тартылады. Біздің генетикалық қуатымыз осыған жарап-ақ тұр. Дейтұрғанмен, босансуға жол жоқ. Біздің боксшыларымыз бірінен соң бірі кәсіпқой боксқа ауысып жатыр. Бұл әлемге ойысудың өз жөні бар. Соның бірқатар себебін топшылап көрелік.

Олар:

- Шетелдік менеджерлердің ықпалдылығы.
- Қаражаттың молдығы.
- Танылудың тура жолы.
- Материалдық қажеттіліктің өтелуі.

Осы аталған қағидалар кәсіпқой бокста жарқын көрініс береді. Төрт жылда бір келетін Олимпиадаға жетем дегенше қанша уақыт кетеді. Әлем біріншілігінде алтыннан алқа тағу немесе тақпау ол жағы да күмән. Оған дейінгі ел ішіндегі біріншіліктердің іріктеуінен өтудің өзі оңай болмаса керек-ті. Одан кейінгі халықаралық жарыстар бар. Бір қарағанда, жай сөз сияқты. Бірақ мұның артында қыруар іс жатыр. Біздің бозбалалар осы жолдың біразынан өтеді. Әбден шыңдалады. Біліктілігін арттырады. Өзіміздегі жаттықтырушылар мен спортқа қолдау көрсететін меценаттар баршылық. Дегенмен, әркімнің ойы әртүрлі. Сөйтеді де, АҚШ, Қытайға қысқасы шетел асады. Сол жақтан менеджер табады. Қазақша айтқанда, қолдаушы іздейді. Сырт елдің ықпалды менеджерімен келісімге келіп шаруаны бастайды. Мұхит асқаннан кейін бар күш-жігерін салады. Әлгі қолдаушылары бар жағдайды жасайды. Қаражатты аямайды. Денсаулығын қадағалайды. Егер мықты өнер көрсетіп, көпті таңдандырып жатса, танылу жағына жәрдемдеседі. Сөйтіп, атақ-даңқын шығарады. Бүкіл әлем танитын спорт жұлдызына айналғанда, алдағы өміріне жетерлік материалдық жағдайы болады. Бұны көрген, естіп біліп жүрген қазақстандық спортшылар шетел асуға асығады. Бұл да бүгінгінің өзекті мәселесі болып тұр.



ТҮЙІН:

Қазақта «үйдегі ахуалды базардағы нарық білер» деген сөз бар. Өте дәл айтылған дүние. Сондықтан өзіміздің жастарымыз өзімізде жаттығып, ел абыройын асқақтатуға барынша күш пен жігерді салу керек деген ниеттеміз. Сонда ғана Батыр мен Садриддин сынды қазақтың қайсар, білекті де жүректі, нағыз өз саласының білгір шебері, кәдімгі спортшылар өсіп шығады. Себебі, болашақ жастардың қолында екені айдан анық.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітістің интiрегiн клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА

153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ

104

QAZAQGAZ
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ҚАРЖЫ



Ұлттық банк «Сақ стилі» айналымдағы биколорлы монеталарын айналымға шығарды.

«Сақ стилі» монета бағдарламасының идеясы Қазақстан халқын монеталар коллекциясын жинауға белсенді түрде тарту, мәдени-тарихи және ағартушылық қүндылықтарды алға тарту, сондай-ақ отандық монета өндірісін танымал ету болып табылады.

Сак стилі – Еуразия даласының кейінгі қола және ерте темір дәуірі мәдениетіндегі жануарлардың бейнелерін орындаудың ерекше тәсілі. Номиналы 100 теңгелік, массасы 6,45 грамм, диаметрі 24,5 мм болатын

Жаңа биколорлы монета

әр түрдің 1 000 000 (бір миллион) данасымен, жалпы таралымы 5 миллион данамен uncirculated дайындау сапасымен нибрасс/нейзильбер қорытпасынан жасалған айналымдағы биколорлы монеталардың бес түрі бар.

Бұл монеталар айналымға тек екінші деңгейдегі банктер арқылы шығарылады. Кейін айналымдағы монеталармен бірге қолма-қол ақша түрінде пайдаланылады. Бұл «Сақ стилі» сериясындағы монеталар – заңды төлем құралы және төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға міндетті, яғни тауар алғанда және белгілі бір қызмет үшін төлем құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуы және аударылуы, ұсақталуы және айырбасталуы тиіс.

Монеталардың техникалық және нақты өлшемдері (массасы, диаметрі, қалыңдығы, металл қорытпасы) өзгеріссіз сақталған. Техникалық сипаттамалары жағынан олар номиналы 100 теңгелік монеталарға толығымен сәйкес келеді. Сол себепті, «Сақ стилі» монеталарын қабылдау үшін төлем терминдалдары мен басқа да кассалық техниканы қосымша қайта теңшеу талап етілмейді. «Сақ стилі» монеталары Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжіне:

- сәулет және құрылыс саласындағы колледж оқытушысы;
- сәулет және құрылыс саласындағы ЖОО оқытушысы;
- директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары керек.

Тел.: 8 (727) 275-57-00, 8 705 561 34 96.

«Juldzy kenan co., ltd» ЖШС-не

- техникалық бақылау бақылаушысы керек.

Тел.: 8 (727) 380-74-55.

Нархоз университетінің экономикалық колледжіне:

- химия пәнінің мұғалімі керек.

Тел.: 8 (727) 391-10-41, 8 747 428 96 60.

И.Нүсіпбаев атындағы Алматы облыстық мектеп-интернатына:

- бас бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 291-62-23, 8 707 856 23 25.

«Tunay stroy» ЖШС-не:

- бас сәулетші керек.

Тел.: 8 707 733 92 92, 8 777 733 92 92.

«Алматы қала жарық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына:

- экономист қажет.

Тел.: 8 (727) 253-05-63, 8 701 482 55 57.

Республикалық спорт колледжіне:

- жалпы тәжірибе медбикесі;
- инженер-электрик керек.

Тел.: 8 (727) 376-20-37.

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметіне:

- бас сарапшы қажет.

Тел.: 8 (727) 272-38-59, 8 708 970 75 38.

«Qara pictures» ЖШС-не:

- бухгалтердің көмекшісі керек.

Тел.: 8 702 173 53 12.

«Аван құрылыс» ЖШС-не:

- бас механик;
- жалпы тәжірибе медбикесі;
- электр станциясының диспетчері;
- көлік жөндеу бойынша механик керек.

Тел.: 8 747 580 80 28.

«Металлургия және кен байыту институты» АҚ-на:

- экономист-бухгалтер керек;
- зангер;
- электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр монтері қажет.

Тел.: 8 (727) 298-45-04, 8 708 765 25 01.

«N.E.M PHARM» ЖШС-не:

- фармацевт (провизор) керек.

Тел.: 8 771 601 55 99.

«Конкрит продактс» ЖШС-не:

- койма менеджері керек.

Тел.: 8 (727) 311-83-40, 8 701 116 64 10.

№11 қалалық емханаға:

- дәрігер-педиатр керек.

Тел.: 8 (727) 252-19-44.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty-aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы борттыңдағы
жолаушыларға қолжетімді.

**Балалар
жылы
2022****Рая
ЕСКЕНДІР**

Тау етегіндегі «Оқушылар сарайындағы» жаңа жыл тіпті ерекше қиыл-ғажайып-тарға толы. Балалар жылы аясында қолға алынып жатқан іс-шаралардың санында есеп жоқ. Күнде жиын, күн сайын мереке.



Қысқы демалыс алдындағы оқушылардың көңіл күйлері де көтеріңкі. Олар жиі бас қосатын сүйікті мекендері Оқушылар сарайының ішін аралап, жаңажылдық саяхаттарды бастап та кеткен.

Қаламыздың ең кішкентай тұрғындары үшін 24–30 желтоқсан аралығында естен кетпес ертеңгіліктер мен қызыққа толы қойлымдар көрсетіле бастады. Оқушылар сарайының ұжымы осылайша өздерінің кішкентай достарына эмоциялар мен әсерге толы қуаныш сыйлап отыр. Мұнда келушілерді әсем безендірілген фойеде ертегілер мен мультфильмдердің кейіпкерлері қарсы алып, салтанатты залға бастайды. Осылайша жаңажылдық фотоаймақтар мен жарық эффектілері бар қондырғыларда естелік суретке түскен балалар бірден қызыққа толы саяхаттарды бастап кетеді.

Оқушылар сарайының драма үйірмесіне қатысушылар кішкентай қонақтарға Үлкен



концерт залында «Сикырлы орман» спектаклін ұсынады. Осылайша жаңажылдық саяхаттың естен кетпес оқиғалары біртіндеп бастала береді. Жаңажылдық бағдарлама барысында жас өртістер мен би топтары бірлесіп өмірге әкелген авторлық сценарий декорациялармен, ерекше сюжетпен және музыкалық композициялармен балаларға ерекше әсер етері анық. Балалар Оқушылар сарайы ғылыми-техникалық шығармашылық бөлімінің роботтехника зертханасының балалары жинаған көптердің көмегімен ән әлеміне қалықтай ұшып, ең танымал ТикТоктарды бірге билейді. Әсіресе, Минниондармен, Моанамен және «Орман рухымен» кездескен сәт олардың барлығына ұнайтын болады. Сондай-ақ, спектакль кейіпкерлері балаларға берілген тапсырмаларды орындауға көмектеседі.


Спектакльден соң балалардың саяхаты Сарайдың ең маңызды шыршасында жалғасын табады. Ең танымал 10 ертегі кейіпкері – 2023 жылдың символы – Қоян балақайларды жаңажылдық шыршаны айналу үрдісіне шақырады. Мерекелік іс-шара барысындағы түрлі ойындар мен әсем әндер, байқаулар мен квесттер кішкентай қонақтарды бей-жай қалдырмасы анық. Ал билегенді ұнататын жас достар үшін Мәрмәр залында диджеймен жаңажылдық дискотека ұйымдастырылады.

Оқушылар сарайының Жаңа жылға арналып көрсетіле бастаған 15 қойылымына қаламыздың 9460 кішкентай тұрғыны қатысатын болады.

ДҮНИЕ-ДҮРМЕК**Головкиннің шапаны қайда?**

Әлеуметтік желіде қазақстандық боксшы Геннадий Головкиннің жекпе-жектен кейін жапондық қарсыласы Риота Муратаға жапқан шапанының жаңа суреттері пайда болды.

Қазақтың ұлттық ою-өрнегімен зерленген шапан Жапониядағы Риота Муратаның әуесқой және кәсіпқой бокстегі жетістіктеріне арналған экспозициялар залына қойылыпты. Ол Муратаның 2012 жылғы Олимпиадада алған алтын медалі мен боксшы WBA нұсқасы бойынша иелік еткен белбеудің жанына орналастырылған. Естеріңізде болса, Геннадий Головкин (41-1-1, 36 KO) Жапонияның Сайтама қаласында өткен кәсіпқой бокс кешінде шаршы алаң иесі Риота Муратаны (16-2, 13 KO) 9-раундта нокаутқа жіберген еді. Жекпе-жектен кейін GGG жапондық қарсыласы Риота Муратаға шапанын тарту еткен болатын.

**Жаһандық жылыну үдеп келеді**

Британдық метеорологиялық бюроның болжамы бойынша, келесі жылы қатарынан оныншы жыл жаһандық температура 1°C-тан жоғары болмақ. Сарапшылардың айтуынша, әлем қазірдің өзінде шамамен 1,1°C-қа жылынған, ал 2023 жылы температура 1,08°C-тан 1,32°C-қа дейін көтеріледі деп болжануда.

Бұл температуралар 1750–1900 жылдардағы өнеркәсіптік революцияға дейінгі кезеңдермен салыстырылады, сол кезде көп мөлшерде қазба отындары жағылғандықтан, атмосфераға газ тарап, бұл ауа райының жылынуына әсер еткен болатын. 2022 жылы әлемнің әр түкпірінде, соның ішінде Ұлыбританияда температура рекордтары жаңартылды. Онда биылғы жазда жазғы аптап ыстықта температура көрсеткіші 40 градустан асты. Жойқын орман өрттері Еуропаның кейбір аймақтарын, сондай-ақ Австралияны, Пәкістанды және Үндістанды қамтыды, мамыр айында температура 51°C-қа жетті.

Әлемде жаһандық жылынуға қатысты мәліметтер 1850 жылы тіркеле басталған болатын. Содан бері жер бетіндегі ең ыстық температура 2016 жылы тіркелді. Метеорологтар сол кезде «Эль-Ниньо» деп аталатын ауа райы жүйесі жаһандық температураны көтерді деп мәлімдеді.

Аңшы иттер иесін аман алып қалды

Ресейде аңшы иттер инсульт алған 72 жастағы үй иесін бірнеше күн бойы орманда суыққа тоңдырмай, жылытып, аман алып қалған.

Ростов облысының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою департаментінің мәліметінше, 1950 жылы туған «Тернова» шаруа қожалығының тұрғыны Сулинск орман шаруашылығына аң аулауға шыққан. Көп ұзамай ер адам байланысқа шықпай қалады, алаңдаған туыстары құтқару қызметіне жүгінген, ер адамды іздеуге құтқарушылар мен полиция қызметкерлері қосылды.

Жоғалған ер адам келесі күні ес-түссіз жатқан күйінде табылды. Тауып алғандардың болжамы бойынша ол инсульт алған көрінеді.

«Екі аңшы иті аңшының суықтан аман қалуына көмектескен. Лайка мен орыс иті бірнеше күн бойы иесін тастамай, жылытып отырған. Иттердің бірі ауыр жарақаттанған, ол жабайы аңмен таласқан секілді», – деді ведомство өкілі.

Ведомство мәліметінше, иттер жабайы аңдардың иесіне жақындауына мүмкіндік бермеген. Оқиға орнына құтқарушылар келгенде ғана олар кейін шегінген. Тексеруден кейін ер адам ауруханаға жатқызылды. Дәрігерлер қазір оның өмірі үшін күресіп жатыр.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.